

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabyev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)
Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)
Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)
Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)
Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)
Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)
Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)
Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)
Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)
Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)
Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)
Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

4(574)

ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ

Құдайбергенұлы Б.¹, Каримова А.Е.¹, Садыкова А.М.²

¹"Өрлеу" БАҰО Павлодар облысы бойынша, Павлодар, Қазақстан,

²Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – жерге қатысты Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовтың принциптік көзқарастары келтірілген. Қазақ өлкесіне қоныс аударушылардың ағылып, Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуына орай саяси қайраткердің көзқарасы берілген. Н. Нұрмақовтың бастамасымен қабылданған қаулы негізінде келімсектер мен қазақтардың арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарды шешу шаралары белгіленгені туралы және бұл шаруаны жүзеге асыру Жер ісі Халық комиссариатына жүктелгені жайлы айқын қарастырылған. Қазақ бетке ұстар белгілі саяси қайраткерлердің бұл мәселеге қатысты ауызбіршілігі жоқтығы көрсетілген. Көп назар съездің ұйымдастырылуына, жаңа органдардың құрылуына аударылған. Голощекиннің саяси науқаны аясында ұлтшыл азаматтардың ұстанымдары келтірілген.

Түйін сөздер: қазақ өлкесі., қоныс аударушылар, қазақтардың отырықшылануы, Голощекин, съезд, жер мәселесі, Н. Нұрмақов

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ

Құдайбергенұлы Б.¹, Каримова А.Е.¹, Садыкова А.М.²

¹АО НЦПК «Өрлеу» по Павлодарской области, Павлодар, Казахстан,

²Павлодарского государственного педагогического университета, Павлодар, Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрены принципиальные взгляды председателя Народного Комиссара Казахской ССР Н. Нурмакова являющиеся на период 20-х годов XX века актуальными земельные вопросы. Показаны взгляды национальной политической элиты на положение казахского народа, отчужденного от исконных земель в силу переселения в казахский край переселенцев. Серьезное внимание также уделено начинаниям Н.Нурмакова относительно возникновения противоречия среди местного и пришлого населения. Акцентировано внимание на принятии решения местных властей о возложении обязанностей по урегулированию конфликтов по земельному вопросу Народному комиссариату. Рассмотрено отсутствие единства среди национальной политической элиты по данному вопросу. Особо выделены вопросы организации съезда, новых органов власти, раскрыта полемика между Н.Нурмаковым и Голощекиным. В целом, показана позиция отдельных политических лидеров национальной элиты в годы правления Голощекина.

Ключевые слова: Н. Нурмаков, земельный вопрос, съезд, Голощекин, оседание казахов, переселенцы, казахский край.

THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY

Kudaybergenuly B.¹, Karimova A.E.¹, Sadykova A.M.²

¹National center for professional development «Orleu» in Pavlodar Region, Pavlodar, Kazakhstan,

²Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

Abstract. The chairman of the People's Commissar of the Kazakh SSR N.Nurmakov's principled views on land issues, which were topical in the 20-ies of XX century, are considered in the article. Views of the national political establishment on the situation of the Kazakh people, alienated from the ancestral lands due to immigration to the Kazakh land are described. Serious attention is also paid to N. Nurmakov's undertakings regarding tensions between locals and immigrants. The decision of the local government to charge the People's Commissariat with duty for conflict resolution on the land issue is emphasized. The disunity within the national political establishment on this issue is also considered. The issues of organizing the congress and new government bodies are highlighted, the controversy between N.Nurmakov and Goloshchyokin is revealed.

Keywords: N.Nurmakov, land issue, congress, Goloshchyokin, settling of Kazakhs, immigrants, Kazakh territory.

Кіріспе

Кеңестің Қазақ республикасының алдындағы маңызды мәселелердің бірі – қазақтарды отырықшы мал шаруашылығына көшіру үшін оларды отырықшылық тұрмысқа ыңғайлы құнарлы, жайлы жерлерге қоныстандыру қажет болатын. Ол үшін патшалық Ресей тұсында тартып алынған шұрайлы жерлерге қазақтардың қолын жеткізу керек еді.

XX ғасырдың басында Ресей империясының қазақ өлкесін отарлауды жедел қарқынмен жүргізуі жерді пайдаланудағы теңсіздікті күшейте түскен болатын. Биік мінбелерден бірнеше қайталанған Н. Нұрмақовтың сөзімен айтсақ: «Қазақтардан ең шұрайлы, егістікке жарамды 40 млн. десятина жері тартып алынды. Нәтижесінде қазақтардың көпшілігі құмды жерлерге, құнарсыз шөл далаларға ысырылып тасталды» [Нурмаков, 1929:9]. Сол сияқты Қазан революциясы қарсаңында Қазақстан жеріне 1 млн.-нан астам адам Ресейдің европалық бөлігінен әкеліп қоныстандырылған болатын. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де сырттан ағылған қоныс аударушыларды тоқтатып, жерді пайдаланудағы теңсіздікті реттеу мүмкін болмады. Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуы жалғаса берді. Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің бұл қоныс аударушыларға тоқтату салмақ болған ұмтылысы орталықтың қарсылығына кез болды. Осы орайда, деректердең кең көлемін талдау арқылы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Н. Нұрмақовтың қоныстандыру саясатына қатысты ұстанымын ашып көрсетуге тырыстық.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 30-қоры мен 74-қорында сақталған архивтік материалдар, құжаттар мен XX ғасырдың 20-шы жж. шығып отырған мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдармен, нормативті құжаттардағы материалдармен салыстыра талдау негізінде мақала даярланды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қоғамды танудың диалектикалық әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістердің ішінен анализ, синтез, логикалық әдістер қолданылды. Арнайы-тарихи

әдістер санатында тарихи- ретроспективті, тарихи-жүйелі әдістерді айтып өтуге болады.

Талқылау

Қазақстан Республикасыныңтәуелсіздік алуынан кейін мұрағаттағы дерек көздеріне зерттеушілердің қол жеткізуі XX ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – қоныстандыру саясатына қатысты ақиқатты танып- білуге мүмкіндік берді. Қазақ қайраткерлерінің жер мәселесін шешу бағытында атқарған қызметі, көрген қиындықтары өздері жазған мақалалар жинақтарында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды.

Жерге орналастыру науқанының қалай іске асырылғандығы және оның қорытындысы туралы мәліметтер «Народное хозяйство Казахстана» басылымында кездеседі [Тоқтабаев, 1928].

Мұрағат қорларында сақталған құжаттар мен Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған қазақ қайраткері Н.Нұрмақовкелімсектер мен жергілікті халық өкілдері арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарға қатысты анық шешімдер ұсынғаны айқын байқалады [Нұрмақов, 1929]. Сол жылдары шыққан газетжурнал беттерінде оның жер мәселесін жан-жақты салмақтап, талқылау қажеттігі мен ұлттық мүдденің ескрілуі тиіс екендігі туралыашық жазды. Арнайы қаулылар қабылдады. Бірақ, Н. Нұрмақовтың тобының ұстанған жерге орналастыру саясатындағы батыл ұлттық қадамының түбегейлі жеңіліске ұшырауының бір себебі ретінде қазақ коммунистерінің арасындағы келіспеушіліктер қарастырылады [Советская степь, 1927].

Н. Нұрмақовтың қоныстандыру саясатына қатысты саяси ұстанымын ашып көрсететін жекелеген жарияланымдар болғанымен, іргелі еңбектер жеткіліксіз. Сол себепті толыққанды зерттеу жүргізу қажет.

Нәтижесі

1920 жылдың 17 қазанында Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің отарлауды тоқтату туралы декреті жарияланды. 1921 жылдың 7 ақпанында және 19 сәуірінде патша өкіметі тартып алған жерлерді еңбекшілерге қайтарып, беру жайлы Қазаткомның қаулылары қабылданды. Алайда аталған шаралар іс жүзінде жүзеге асырылмады. Қайта Ресейдің орталық губернияларынан қоныс аударушыларға РСФСР Жер ісі комиссариатының рұқсаты беріліп, 1921 жылғы құрғақшылықтың салдарынан орыс мұжықтарының Ақмола, Семей губернияларына жаппай көшіп келуі басталды. Республика үкіметінің атына жолданған БОАК төрағасы М.И. Калининнің қолы қойылған жеделхатта қоныстанушылардың «қазақ өлкесінен кері қайтаруға»қатаң тиым салынды [Советская степь, 1924: 3]. Осылайша, қоныс аударушылардың ағылып, Қазақстанның шұрайлы жерлерін басып алып орналасуы жалғаса берді. 1922-1925 жылдар аралығында тағы да 200 мыңдай адам жанұясымен көшіп келді.

Н. Нұрмақов Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы ретінде бұл мәселені қолға алғанда, әуелі туған жерінде ұзақ жылдар теперіш көрген қазақтардың өз жерінің құқықтық жағынан толық иесі болуын мақсат тұтты.«Жер мәселесі, – дейді Н. Нұрмақов, – қазақтар үшін аса күрделі әрі негізгі мәселе. Жерге орналастыруды жүзеге асыруда бірінші кезекте қазақтарды орналастыру қажет, содан кейін келімсек еуропалықтардың мәселесін шешу керек» [ҚР ОМА, 29]. Ол өзі басқарған үкіметтің жұмысын осы бағытта жан-жақты, әрі тиянақты іс жасауға жұмылдырды.

1925-1927 жылдар аралығында қазақтарды жерге орналастыру барынша қарқынды, ұйымдасқан түрде жүргізіле бастады. Ең алдымен, орналастыруға қажетті жер қоры туралы мәліметтер республиканың барлық ауыл-селоларынан, уездерінен, облыстарынан жинастырылып, біртұтас деректер алынды. Жерге орналастыруды тиімді ұйымдастыру үшін Жер ісі Халық комиссариаты жанынан арнайы басқармалар құрылып, олардың құзырына кең құқықтар берілді.

1925 жылдың 29 қаңтарында Н. Нұрмақов Қазақстанда Жер съездерін өткізу туралы қаулыға қол қойды [Советская Киргизия, 1925: 158-160]. Сол жылдың ақпан айында жерге орналастырушылардың республикалық 1-ші съезі өтті. Съезде жерге орналастырудың ұйымдастыру тәртібі, бөлінетін жердің мөлшерін анықтау әдістері, отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын аудандарды бөлу ерекшелігі, жерді тіркеу, суландыру мәселелері көтеріліп, соңында жерге орналастыру жұмысының бағытын анықтап, ретке келтірудегі маңызы зор қарарлар қабылданды. Жер ісі Халық комиссариатының қызметкерлері С.Қаратілеуов, белгілі ғалым М.Сириус және т.б. баяндамаларында жер мәселесін шешуде құнды пікірлер мен нақты тұжырымдар, ғылыми қорытындылар жасалынды [Резолюции, 1925: 19].

Сол сияқты Жер ісі Халық комиссариатының құрамына мәселені жетік білетін (Т. Жаманмұрынов, С. Қаратілеуов, белгілі ғалым М. Сириус, т.б.) қызметкерлер тартылып, Мәскеуден мамандар шақырылды. Алаштың көсемі экономист-ғалым Ә. Бөкейханов, профессорлар С.П. Швецов, С.И. Руденко тағы басқалардың Қазақстанның шаруашылығын терең зерттеуіне жағдайлар жасалынды.

Аз уақыттық ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде, Қазақстан территориясындағы құрамы таза орыс поселкелерінен тұратын отырықшы жер шаруашылық аудандары бөлініп алынды. Бұл аудандардағы отырықшы жер шаруашылықтарын өзінің қаржысы негізінде орналастыру белгіленді. Отырықшы жер шаруашылығына Қазақстанның жер көлемінен 11,5 млн гектар жер бөлініп, онда 167 мың шаруашылық орналасатын болды. Ал, Қазақстанның қалған территориясында орналасқан шаруашылықтар көшпелі және жартылай көшпелі деп бағаланып, 1924 жылғы Ережеде көрсетілгендей оларды жаппай және міндетті түрде жерге орналастыру қажет болды. Бұл жаппай орналастыру ауданына кіретін жер көлемі 230 млн. гектар болып, оған 1 млн.-нан астам шаруашылықтың орналасуы көзделді [Токтабаев, 1928: 17].

1925 жылдың мамыр-маусым айларынан бастап жерге орналасушы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтар Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қабылдаған ережесі негізінде шаруашылық салығынан 5 жылға босатылды [ҚР ОМА, 115].

1926 жылы мамыр айында Н.Нұрмақовтың тікелей басшылығымен әзірленген Ертісөзені бойындағы он шақырымдық алқапты пайдалану туралы қаулы жарияланды. Қаулыда Халком Кеңесінің төрағасы және Қазақ Атқару Комитетінің төрағасы ретінде де Н. Нұрмақовтың қолы тұр [Советская степь, 1926: 3]. Қаулы негізінде келімсектер мен қазақтардың арасында жерді пайдаланудағы орын алған қайшылықтарды шешу шаралары белгіленіп, бұл шаруаны жүзеге асыру Жер ісі Халық комиссариатына жүктелді.

Жерге орналастыру науқанының 1927 жылдың соңындағы жалпы барысы мен қорытындысын мына сандардан көруге болады: отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын аудандардағы ұжымдарға 137 мың гектар жер бөлініп, оған 3 1/2 мың шаруашылық орналасты; жер қоғамдары мен қоныстанушылардан 1 млн. гектар жер босатылып, 32 мың шаруашылық үшін бөлінді; егістікке және кең алқаптарға бөлу 10 мың шаруашылығы бар 403 мың гектар жер алаңында жасалса, жерді пайдалану шекарасын белгілеу және жерді тіркеу 44 мың шаруашылық үшін 2 млн.-нан астам гектар жерде жүргізілді. Ал жаппай орналастыру белгіленген көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жерге орналастырудың нәтижесі мынадай: жұмыстың бірінші кезеңі бойынша (зерттеу және дайындық жұмыстар) 365 мың шаруашылық орналасқан 28 1/2 млн. гектар алаңда жүргізілген; екінші кезеңі бойынша (жобасын құрастырып және шекараны белгілеу) – 150 мың шаруашылығы бар 8 млн. гектар алаңда жүргізілді [Токтабаев, 1928: 18]. Бұл өткен 1925 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда үлкен жылжу еді.

Жерге орналастыру барысында 1926-1927 жылдары туындаған саяси қайшылықтар науқанның бастапқыда көзделген мақсатына жетуіне мүмкіндік бермеді. Орталықтың қыспағымен бұл мәселеде отаршылдық, империялық ой-пиғылдар үстемдік құра бастады.

1927 жылы Қазақстанның Жер ісі Халық комиссариаты және Мемлекеттік жоспарлау комитеті бірігіп, республика жерін шаруашылыққа тиімді пайдаланудың жобасын жасауға қызу кірісті. Жоба Халық Комиссарлар Кеңесінде мақұлданып, оның негізінде Қазақстан халық шаруашылығының дамуының 5 жылдық жоспары жасалды. Алайда Бүкілодақтық қоныс аудару комитеті 1927 жылы 8 желтоқсанда бұл жоспарға қарсы өз хатын жолдайды. Бүкілодақтық қоныс аудару комитетінің 1927 жылы 6 желтоқсанда 2-ші пленарлы кеңесінде Қазақстан үкіметін қоныс аудару жоспарын жасамай, әдейі қоныстандыруға жарамды жер қорын жасырып отыр деп айыптаған болатын [ҚР ОМА, 6-8].

Н. Нұрмақов жедел түрде РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының орынбасары В.И. Лежаваға және Жоспарлау комитетінің атына жолданған жауап хатында Бүкілодақтық қоныс аудару комитетінің кінәсін негізсіз екенін түсіндіріп, келтірген дәлелдерін жоққа шығарды. Ең алдымен, Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуын ретке келтіру үшін кем дегенде он жыл қоныс аударуға тыйым салыну қажеттігін қайталай отырып, Қазақстанның жерінде екпелі жер шаруашылығының кең дамуына ешқандай отырғандығын атап көрсетеді. Жақсы өнім алу үшін, жерге түсетін жылдық ылғалдылық 350 мм-ден жоғары болу керек дейді. Ал Қазақстанның солтүстік аймақтарында жылдық ылғалдылық 300-ге әрең жетеді. Сондықтан шаруашылықтың мұндай түрін жаппай дамыту ауыр жағдайларға соқтыруы мүмкін деп ескертеді [ҚР ОМА, 110-116].

Алайда мұндай бірқатар құнды пікірлер мен нақты дәлелдерге қарамастан Бүкілодақтық қоныс аудару комитеті Қазақстанның шаруашылығын дамыту үшін бос жатқан жерлерді игеру, бидайдың бағалы түрлерін өсіру, техникалық дәнді дақылдарды егу деген желеумен қоныс аудару жоспарларын жасап, сырттай шешімдер шығарып жатты. Көп кешікпей РСФСР Жер ісі Халық комиссариаты және Бүкілодақтық кеңес 1928 жылдан Қазақстанға жаппай қоныс аудару жөнінде шешім қабылдады. Сондай-ақ солтүстік облыстар мен Түркістан – Сібір теміржол құрылысына қоныстанушыларды көптеп әкелу көзделді.

Әсіресе, Қазақстанға Ф.И. Голощекиннің келуімен жер мәселесіндегі ахуал күрт шиеленісіп кетті. Ол ұлттық мүддені қорғауға негізделген шаралардың бәріне қарсы шығып, қазақ халқын қырып-жоюға бағытталған сойқан саясатын біртіндеп өмірге енгізе бастады. Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовтың қызғыштай қорып, жүзеге асырудағы жерге орналастыру жоспарын қатты сынға алды.

1927 жылдың маусым айында өткен қазақ коммунистерінің кеңесінде Ф.И. Голощекин 1922 жылдың 31-ші тамызынан кейін қоныс аударған 200 мың келімсек шаруалардың жанұясымен Қазақстанға орнығып жер иемденуін, оларға басқаларымен қатар құқықтар мен ерекшеліктерді беруді қолдады.

1927 жылдың қазан айында өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Ф.И. Голощекин тағы да Қазақстанда бос жатқан мол жер қоры туралы сөз қыла отырып, бұл жерлерге ондаған мың қоныс аударушыларды әкелуге болады деген мәселе көтерді. Әрине, мұның аяғы неге апарып соқтыратынын, әрі ол жоспарланып жүргізіле бастаған жерге орналастыру саясатының күйреуі екенін Н. Нұрмақов және оны жақтаушылар жақсы түсінді. Олар Ф.И. Голощекинге қарсы топ құрып, ашық айтысқа түсті.

1927 жылы қараша айында өткен Бүкілқазақстандық 6-конференцияда қорытынды сөз сөйлеген Ф.И. Голощекин жер мәселесі жайында жіберілген қателіктер жайында ерекше тоқталып, ұзақ сөйледі: «Мен Сәдуақасовшылықтың ғана емес, Нұрмақовтың да бар тобының тұжырымын жоққа шығарамын, ескерту, бұл топшылық емес!». Ф.И. Голощекин шеттен қоныс аударушыларды Қазақстаннан қууға Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі бұйрық берді деп айыптай отырып: «Мәселе Қаратілеуовте емес, менің Нұрмақовпен ісім бар. Өйткені қоныстандыруға қарсы шыққан нағыз сол. Бұлардың сандарды келтіре отырып дәлелдейтіні

қоныс аударушыларға бізде жер жоқ дегісі келеді, ал анықтап келгенде қазір ондаған мың қоныс аударушыларға жер бар екен. Жолдас Нұрмақов «Мен қоныс аударушыларға қарсы емеспін, бірақ оларға беретін жеріміз жоқ» дейді. Сонымен жолдастар, бұл айтылғандарды бір-бірімен қалай байланыстыруға болады?

3 қазанда Нұрмақов жолдас менің қарарыммен, яғни Өлкелік партия комитетінің қабылдаған қарарымен келіспегені былай тұрсын, тіпті принципті түрде бізден бөлінгені сонша – анықтап түзетулер енгізетін комиссияға кіруден бас тартты. Менің қарарымды, жолдастар, отаршылдық (ажыратып жазған біз. – Қ.Б.) деп бағалады, ал жолдас Сұлтанбеков бұл қоныстандырушы чиновниктердің пікірі деді» [Советская степь, 1927: 4]. Өкінішке орай, қазақ коммунистерінің арасында бірауыздылық болмағандығын Ф.И. Голощекин шебер пайдаланды. О. Исаев, І. Құрамысов, М.Тәтімовтар Голощекинді жақтап шықты.

Сөйтіп, 1927 жылы өткен 6-ші конференция жер мәселесін шешудегі Н. Нұрмақовтың тобының «кәте бағытын» ащы сынға алып, айыптады. Мәселені шешудегі қазақ коммунистерінің негізгі қателігі «таптық мүддені ескермеуі» деп атап көрсетілді. Шындығында таптық көзқарас тұрғысынан ұлттық мүдде, ерекшеліктер жоққа шығып, бар мәселе қазақтың байы мен орыстың кулагына тірелетін еді. Солай болда да. 1928 жылдың күзінде қазақ байларын тәркілеу, кейін оларды тап ретінде жою науқанына ұласқаны белгілі. Осылайша бұл, Н. Нұрмақовтың тобының ұстанған жерге орналастыру саясатындағы батыл ұлттық қадамының түбегейлі жеңіліске ұшырауы еді. Көп кешікпей Жер ісі Халық комиссариатын ұлтшылдықтан тазарту жүргізіліп, Ж. Сұлтанбеков, С. Қаратілеуов, Г.А. Бөкейханов, Әлімбаев және т.б. қызметінен алынды.

Н. Нұрмақов соңына дейін бұл мәселе бойынша өз пікірінен айныған жоқ. Ол Орталыққа бірнеше ресми хаттар жолдап, өз көзқарасын дәлелдеп те бақты. Тіпті Н. Нұрмақовтың ұйымдастыруымен құрылған топ Орталық Комитетке дейін арызданып, Мәскеуге де барды [Советская степь, 1927: 4].

1927 жылдың желтоқсан айында өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Н. Нұрмақов тағы да жер мәселесін жан-жақты салмақтап, талқылауды ұсынды. Қалыптасқан жағдайларға байланысты жер мәселесінде ұлттық мүддені көздеген ойларын ортаға салып, оны жүзеге асырудың жолдары белгіленді. Сөз соңында Ф. Голощекинмен тағы да бетпебет айтысып қалды. Голощекин: Тағы да келісе алмасақ, не істейміз? Нұрмақов: Келісе алмасақ шешетін жоғары органдар бар. Голощекин: (Залды көрсетіп) Міне, жоғары орган! Нұрмақов: Мүмкін сіз мені сауатсыз деп ойлайтын шығарсыз, бірақ мен партия жарғысын білемін. Жоғарғы орган конференция, одан әрі Орталық Комитет, содан соң партия съезі, сол сияқты Коминтернге жетуге болады. Мен бұл мәселені партия съезі шешсін деп отырғаным жоқ. Мәселені осы конференцияда шешейік, бұл мүмкін болмаса, Орталық Комитетінің жанынан құрылған Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды тексеруші жолдас Киселевтің комиссиясында түпкілікті шешеміз [Советская степь, 1927: 4]. Бұл Н. Нұрмақовтың өз көзқарасында қалып, соңына дейін күрес жүргізгендігін айғақтайды. Алайда осы жылдардың өзінде-ақ сырттан ағылған қоныс аударушыларға ешбір тоқтау болмады.

1927-1928 жылдары үздіксіз дабыл қағып Мәскеуге жолданған Н.Нұрмақовтың өтініші, талабына Орталық ешбір шара қолданбады. «Өз еркімен қоныс аударушылар Петропавловск қаласына эшелондармен келіп түсуде. Олар Украина, Солтүстік Кавказдың жер басқармаларының рұқсат қағазын көрсетеді. Осыған қарсы шұғыл шаралар қолданып, Қазақстанға келушілерге қатаң тыйым салсаңыздар екен. Губернияларға қоныстанушыларды кері қайтару жөнінде бұйрық бердік» делінген Н. Нұрмақовтың қолы қойылған бір құжатта [ҚР ОМА, 75]. Алайда мұндай өтініштерге орталық құлақ та аспады. Мысалы, Қостанай округтік жер басқармасының хабарлауынша 1927– 1928 жылдар аралығында аталған Қостанай округіне 45803 адам келсе, Петропавл округіне 25575 адам келіп үлгерген [ҚР ОМА, 14]. Бұл сандардан республикаға

қоныстану қарқынының қаншалықты болғанын шамалауға болады.

Қорытынды

Осылайша 1928 жылдан жерге орналастыру науқаны ұлттық сипатынан айрылып, таптық мазмұнға көшті. Бұл шын мәнінде қоныстануға еркіндік беріп, отарлауды заңдандыру еді. Кейінгі жаппай ұжымдастыруға бағыт алған шақтағы жерге күштеп орналастыру, яғни отырықшыландыру науқанының қазақ халқына әкелген зардабын айтып жату артықтау болар. Өкініштісі, Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақовтың басшылығымен жасалған 5-жылдық жоспардағы Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның санын ірі-қараға шаққанда 60 млн-ға жеткізу туралы терең тұжырымы аяқ- асты етілді. Асылы, бұл, дәстүрлі шаруашылықты сақтап дамыту, қазақтар үшін жерді қайтарып бекітудің, әрі 30-шы жылдардың апатынан аман алып шығудың жолы болатын. Өкініштісі, шөлге, шөлейтке қуылған қазақтар Кеңес дәуірінде де өздерінің ата қонысын түгелдей қайтара алған жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Нурмаков Н. Строительство Казахстана. – Кызыл-Орда, 1929. – С. 9.
 Токтабаев К.Г. Об основах политики землеустройства в КССР// Народное хозяйство Казахстана. – 1928. – Январь. – С.17. Советская степь. – 1927. – 25 декабря (№ 272). – С.4.
 Советская степь. – 1924. – 4 декабря. – С. 3. ҚР ОМА, 74-қ., 2-т., 188-іс, 29-п.
 Советская Киргизия. – 1925. – № 2. – С. 158-160.
 Резолюции первого Всекиргизского Землеустроительного совещания (11-19 февраля 1925 г.). – Оренбург, 1925. – С.19. ҚР ОМА, 30-қ., 1-т., 441-іс, 115-п.
 Советская степь. – 1926. – 26 мая. – С.3. ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 699-іс, 6-8 п.п.
 ҚР ОМА. 30-қ., 1-т., 728-іс, 110-116 п.п.
 Советская степь. – 1927. – 18 декабря (№ 291). – С.4. ҚР ОМА, 30-қ., 1-т., 275-іс, 75 п.
 ҚР ОМА. 74-қ., 4-т., 619-іс, 14 п. ЭОЖ 473.94 / 94(5)

МАЗМҰНЫ

Айтмағамбетов Д.Р., Азмұханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы).....	25
Балықбай А.К. ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
Боранбаева Б.С. ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ Өңірінің қазақ қыздары.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	58
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	73
Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е. «ТӨҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ.....	79
Жанибай С.Б. МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83	
Жанибай С.Б. 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ЮСУФ АҚЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БІЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	105
Жолсейітова М.Ә. ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ.....	116
Жұмай Г. ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша).....	145
Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	159
Қабдолдина К.Қ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ.....	169
Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ.....	175
Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	182
Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә. АҚТӨБЕ Өңіріндегі «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша).....	197
Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ.....	215
Қыдырбаев Қ.А. МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ.....	233
Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А. ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ.....	265
Сабырова Ә.С. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ».....	273
Садықов Т.С., Набиев С.Т. АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	279
Сайынов Д. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ.....	285
Сәкенов С.Қ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	304
Сыздыкова А.М. ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990).....	308
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ.....	323

СОДЕРЖАНИЕ

Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н. КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....	25
Балықбай А.К. ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....	33
Боранбаева Б.С. КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....	58
Габитханұлы К. ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....	73
Габитханұлы К., Габит Е. ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....	79
Жанибай С.Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....	83
Жанибай С.Б. СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....	105
Жолсейітова М.Ә. РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....	116
Жұмай Г. ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....	145
Керимбаев Е.А., Набижанкызы З. СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....	159
Кабдолдина К.К. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	169
Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....	175
Каипбаева А.Т. ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....	182
Кали А., Сакенұлы К., Айдаралиева А. О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....	197
Құдайбергелұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....	215
Кыдырбаев К.А. МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	233
Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А. СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ.....	265
Сабирова А.С. ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.....	273
Садыков Т.С., Набиев С.Т. ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА.....	279
Сайнов Д. ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.....	285
Сакенов С.К. ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанкызы З. ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	304
Сыздыкова А.М. ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990).....	308
Тулбаев Т.А., Абикенова Г.Е. ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	323

CONTENTS

Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L. KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE.....	5
Akhmetzhanova A.T., Alina A.D. INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OF EDUCATION IN THE 1920-1930s.....	12
Alimzhanova A., Shaimerdenova M. MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS.....	20
Arepova A.D., Moryakova M.T. THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES).....	25
Balykbay A.K. HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA.....	33
Boranbayeva B.S. KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT.....	41
Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A. ANCIENT PETROGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS.....	58
Gabitkhanuly K. ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN CHINESE CHRONICLES.....	73
Gabitkhanuly K., Gabit Y. «TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUN HERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE.....	79
Zhanibay S. METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY.....	83
Zhanibay S. FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.....	92
Zholseitova M. THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.....	105
Zholseitova M. I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM.....	116
Zhumai G. OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.....	128
Kalysh A., Isayeva A. PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS.....	136
Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V. DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according to archaeological sources).....	145
Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z. THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.....	159
Kabdoldina K.K. THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN.....	169
Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M. MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.....	175
Kaipbaeva A.T. ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE.....	182
Kali A., Sakenuly K., Aidaraliev A. ON THE "ALASH ORDA" FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE).....	197
Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M. THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY.....	215
Kydyrbayev K.A. THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION.....	222

Meirmanova G.A., Daytbekova M.K.	
HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY.....	233
Mukhametkhanuly N., Madiev D.A.	
THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....	243
Myrzabekova R., Myrzabekov M.	
REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT.....	251
Nurmukhambet A.B., Sayn E.D.	
MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.....	258
Sabdenova G.E., Userova A.N.	
HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS.....	265
Sabirova A.S.	
ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY.....	273
Sadykov T., Nabyev S.	
THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.....	279
Sainov D.	
THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION.....	285
Sakenov S.K.	
BRONZE AGED DWELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	296
Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z.	
PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS.....	304
Syzdykova A.M.	
HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990).....	308
Tulebayev T.A., Abikenova G.E.	
TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT.....	317
Shaimerdenova M.D.	
THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE.....	323

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй